

УДК 371.036

**ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ**

Г.Әуелбекова, М.Жарқынбеков, Г.Жанасбаева Р  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Эстетика – көркем өнердің шындыққа қатынасын зерттейтін философиялық ілім, оның басты мәселесі – әсемдік сұлулық дүниесі. Ал әсемдік, сұлулық дегенімізге – халық шығармашылығы мен өнер мәдениетінің барлық түрлері жатады.

Эстетикалық тәрбие адамдардың жалпы гармониялық дамуы мен өркендеуі үшін аса маңызды тәрбиенің бір түрі болып табылады. Эстетикалық тәрбие беру талантты, әрі қабілетті жастарды тәрбиелеу емес, қайта әсемдік әлеміне сан ғасырлық эстетикалық мәдениетке барша жұртты әсемдіктен ләззат алуына мүмкіндік беретін және адамдардың әсемдік әлеміне сусындауы үшін көркем шығармашылық пен әрекетте өзін шама шарқынша көрсете білуі. Эстетикалық тәрбие өнер саласындағы арнаулы кәсіптік білім беру міндеттерін шешпейді. Музыкадан эстетикалық ләззат алу мүмкіндігі дыбыспен байланысып жатқан эмоциялық сезім арқылы бойға сіңіріледі.

Жеке адамды жан-жақты дамыту үшін әрбір жастың түрлі сезгіштік жүйелерін мақсатты бағытпен тәрбиелеп отыру қажет. Мұны жүзеге асыруға көптеген пәндердің көмегі бар. Сезім мүшелерінің дамуы арқылы адам эстетикалық қазынадан нәр алып, мүлгіп жатқан эстетикалық қажеттіліктерін дамыта бастайды.

Эстетикалық тәрбиені басқа тәрбие түрлерінен ажыратуға болмайды. Өйткені эстетикалық қасиеттер адамдардың өзара байланыстарының түпкі мақсаты мен іс әрекеттерінің нәтижесінде қалыптасады. Ол еңбекпен ұжымдағы қарым-қатынаспен, тұрмыс пен отбасы, оқу мен қоғамдық қызмет үрдістерімен тығыз байланысты. Эстетика ғылымы адамның тұлғасын, оның өмір сүретін табиғи және әлеуметтік ортасын тұтас зерттеп, оларды әсемдік жағынан ажыратады.

Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті аса тереңде, көне заманғы дәуірден басталады. Қазақ халқы эстетикалық мәдениеттің негізін үш түрлі салада жасады, біздің заманға олар жеткен емес. Материалдық мәдениет саласында бұлар қолданбалы өнер саласының туындыларында кездеседі. Онда сонау қола дәуірінде осы күнгі Қазақстан территориясын мекендеген тайпалардың шығармашылығына ортақ әдіс-тәсілдері мен сарындар болғаны байқалады.

Қазақ халқының қоғамдық саяси өмірдегі эстетикалық ой-пікірі халықтың айналыны қоршаған тіршіліктің қызықты көркем сұлулығы туралы ұғым сол замандағы қоғамның рухани өмірін көркейте түскені анық. 19-шы ғасырдың ортасына дейінгі қазақ әдебиетіндегі эстетикалық көзқарас ерте және орта ғасырлардың алғашқы кездерінде-ақ Қазақстан жерін мекендеген түркі тілдес тайпалардың өзіндік мәдениеті, жазуы болған қазақ халқының одан кейінгі замандардағы рухани саладағы жетістіктері сол заманғы мәдениетпен сабақтас және байланысты болды. Көне түркі мәдениетінің "Диуани хикмет", "Хибатұлы Хаконик" сияқты үздік үлгілері қазақ халқының құралу кезінде оның эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Сол заманның ойшылдарының ішінде әл-Фараби ерекше орын алды. Ол Платон мен Аристотельдің еңбектеріне сүйене отырып эстетиканың кейбір мәселелерін талдады. Музыканың үлкен кітабы "Поэзия өнерінің каноны туралы трактат" атты еңбектерінде ол эстетикалық және өнер мен поэзияның мәселелерін қарастырады. Қазақ халқының эстетикалық ой-пікірінің тарихи деректері ақын жыраулардың шығармашылық мұраларында жиі кездеседі.

Халық поэзиясында сұлулық пен әсемдікті, ерлікті, батырлықты жырлау басым болып келеді. Халық арасында эстетикалық идеяны насихаттауда көркем өнер мен әдебиеттің ролі айрықша. Бұхара халықты адамгершілік рухта тәрбиелеуде эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Ол адамдарды асқан мұратқа, патриоттық сезімге, әсемдікті көре білуге баулиды. Өйткені әдебиеттің немесе өнердің талантты шығармасы – бұл ұлттық игілік. Көркем сөз бен өнер сан құлпырған бояу ажары тасқа жан бітіргендей шеберлікті үйлесімді үн сазы замандастарымызға шабыт беретін біздің ұрпақ туралы, біздің заманымыз оның толқыныс – тебіреністері мен жеңіс табыстары туралы жан мен жүрек естеліктерін келешек ұрпаққа жеткізеді.

Эстетикалық тәрбие адамгершілікке тәрбиелеумен тығыз байланысты. Өнер мен

қоршаған әсемдік жастардың эстетикалық тапшымы мен мұраттарын қалыптастыруға әсер етіп қана қоймайды. Сонымен бірге адамгершілік сезімдерді, көзқарастар мен сенімдерді де қалыптастыруға сайын келгенде адамның жеке басының қалыптасуына да әсер етеді.

Еліміздің дербес, тәуелсіз мемлекет құру жолына түсе бастаған алғашқы кезеңнен бастап-ақ мәдениетіміз қайда барады, әдебиетіміздің болашағы қандай болмақ, қазақ өнерінің, сәулетінің кешегісі, бүгінгісі қандай жағдайға ұшырап отыр, шынмен біз әсемдіктен, көркемдіктен, сымбаттылық-сұлулықтан қалыс халық, қалыс ұрпақпыз ба деген көкейтесті сауалдар, шын мәнісінде, мүмкін үлкен проблемалар деп қарауға болатын шығар. Тек қана зиялы мемлекеттік мәдениет, әдебиет қайраткерлері, көзі ашық намысқой ұлттық зиялыларының жәй өкілдерін де мазасыздандыра бастағандай еді. Қазақ тілінде шығатын "Парасат", "Арай", "Қазақстан әйелдері" журналдарында, "Егемен Қазақстан", "Қазақ әдебиеті", "Ана тілі", "Жас алаш" газеттерінің басылымдарында көне тарихымыз бен бүгінгімізді, бүгінгіміз бен ертеңімізді қалай ұштастыратын мемлекеттік маңызы бар ойлар ашық айтылып, пікір-таластар жиі жариялана бастады.

Ақын шын өмірді әсерлі де айқын бейнелеуі арқылы дұрыс бейнені көрсетеді де адамдардың қиялына әсер етеді. Біреуі дәлелдейді, екіншісі көрсетіп береді, сөйтін екеуі де сендіреді. Бұл жерде ғылым да өнер де бірдей қажет. Сол себептен ғылым да өнердің орнын баса алмайды, ал өнер ғылымның жолын баса алмайды. Біздің елімізде халыққа білім берудің жаңа жүйесі қалыптасқан алғашқы жылдардан бастап-ақ эстетикалық тәрбиеге зор маңыз беретін болдық. Эстетикалық тәрбие қайсібір қара дүрсін балалық өнер оқыту емес, шығармашылық қабілеттерді дамыта беру.

Ғалымдар жалпы мәдениетті ескермейінше халықтың көркем әдебиетін өрге бастыру мүмкін емес деп атап көрсетті "Өнердің халыққа және халықтың өнерге жақындай алуы үшін біз алдымен мәдениеттің жалпы дәрежесін көтеруге тиіспіз".

Қазіргі уақытта эстетикалық тәрбие мәселелеріне өте зор маңыз беріліп отыр. Әдебиетті, өнерді, мәдениетті көркейту жөнінде әрбір адамның өз басының қабілеттерін неғұрлым толық көрсету үшін барлық жағдайларды жасау жөнінде, еңбекшілерге эстетикалық тәрбие халықтың көркемдік талғамдары мен мәдени дағдылары жоғары болуын қалыптастыру жөнінде тынбастан қамқорлық жасайтын болады. Көркемдік негіз еңбекті онан сайын қасиеттейді. Халқымыздың тұрмысын сәндендіреді және адамның адамгершілік қасиеттерін арттырады. Эстетикалық тәрбие әсемдікті түсінудің қабілетін дамытудан, әсемдікті сезінуден және түсіне білуден басталатыны сөзсіз.

Жастарды эстетикалық тәрбиемен тәрбиелеу маңызды іс. Тәрбие олардың іс-әрекетін, күш жігерін ұйымдастырады және өзіндік тәжірибесін жинақтайды. Эстетикалық тәрбиеде шындық өмір эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу жөнінде үлкен орын алады. Эстетикалық қызмет өнер шығармаларын жасауда да тартымды заттар мен бұйымдар шығаруды да тұрмысқа және адамды қоршаған өмірге енгізуді де қамтиды.

Қапшалықты қоғамымыз экономикалық қиын жағдайға ұшырады десек те, бүгінгі материалдық - техникалық базаны ғасырдың басындағы деңгеймен салыстыру жөнсіз. Ұлттық эстетикалық көзқарасты тек қана тарихи тұрғыдан емес, біздің бүгінгімізбен, ертеңгі болашағымызды ұштастыра білу қажеттілігі, оның жолында қоғамдағы материалдық, рухани мүмкіндіктерді толық пайдалану – мәдениет саласындағы қайраткерлердің, мамандардың мемлекет алдында - қапшалықты тікелей жауапты, борынты екенін сезінуге болады.

Эстетикалық тәрбие қоғамдағы, табиғаттағы, өнердегі қоршаған өмірдегі әсемдікті қабылдауды дамыту. Талғамды, әсемдікті бағалай білуді, шын әсем нәрсені эстетикалық емес нәрседен ажырата білуге тәрбиелеу, өнерде өзін шама-шарқынша көрсете білуге, тәрбиелеу эстетиканың міндеті. Эстетикалық тәрбиелік- мәністі әсемдік сезімін қалыптастыру, көркемдік қабілетті орнықтыру тәсілі. Әдемілік, сұлулық - эстетикалық құндылық эталоны.

Республикамызда ғылыми, эстетикалық, теориялық ойды тереңдетер серпілістер онша байқалмағанымен, әзірше әйтеуір жалпы нобайы тұрғысынан эстетикалық тәрбие мәселелері батыл қойылуда. Эстетикалық тәрбие бағдарламасының өзі, негізінен, қоғамымыздың осындай көп ұлтты түрлі топтарының жас ерекшелігі, талғам-талабына сай, сонымен қатар қалың бұқара, шәкірт-жеткіншектер, әулет, ата-аналар қауымы сияқты сан алуан салаларды қамтиды. Әсіресе көркем әдебиет, бейнелеу – сәулет, мүсін, би өнері мен кино, театр өнері арқылы жастарды жан-жақты, жүйелі тәрбиелеу мәселесі, салауатты тұрмыс насихаты ерекше орын алады. Эстетикалық тәрбие – имандылық

тәрбиесінің бір тарауы. Жастарға эстетикалық - мәдени тәрбие беруде орын алып отырған олқылықтардың түп тамыры оның арнаулы пән ретінде не мектепте, не жоғары оқу орындарында жүйелі оқымай келгендігінде болса керек. Ал қазіргі адам факторына айырықша назар аударылып отырған кезеңінде эстетикалық тәрбиенің ролі ерекше.

#### Әдебиет

1. Борев Ю.Б. Эстетика.- М.: Политиздат, 1969.-350с.
2. Серікқалиұлы З. Дүниетану даналығы.- Алматы: Білім, 1994.-224 б.

#### Резюме

В данной статье рассматривается значение и роль эстетического воспитания в формировании личности.

#### Summary

The role of aesthetic up-bringing in the forming of individualism is considered in this article.